

Д.А. Алкебаева¹ , Л.Ж. Заурбекова² , Абдуришид Якуп³ 

^{1,2} Өл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

³Минзу университеті, Қытай, Пекин қ.,

e-mail: alkebaeva@mail.ru, liza91_1604@mail.ru, yakup@bbaw.de

ФУНКЦИОНАЛДЫ ПРАГМАТИКА ТЕОРИЯЛАРЫ

Мақалада тіл біліміндегі жаңа бағыттардың бірі саналатын функционалды прагматика туралы баяндалады. Функционалды прагматика сөйлеу әрекетінің негізінде қалыптасып, Еуропа елінде кеңінен зерттеліп жатыр. Алғаш рет герман лингвистикасында сөз болған бұл теория қазіргі таңда кез келген тілді зерттеуге теориялары мен эмперикалық әдістерін ұсынып отыр.

Функционалды прагматиканың өзіне тән категориялары мен өрістері бар. Мақалада әр категория мен өріс түрлеріне жеке-жеке тоқталады. Сонымен қатар функционалды прагматика теориялары коммуникация барысында туындаған дискурс пен мәтіндерді анализдеуде таптырмайтын тіл білімінің бағыты.

Функционалды прагматиканың базалық категориясы сөйлеу әрекеті болып саналады. Сөйлеу әрекетінің ең кіші бөлшегі – процедура. Процедура термині осыған дейін медицина саласында жиі кездесетін. Қазіргі таңда тіл білімінде де өзіндік сипатын қалыптастырып отыр. Және де сөйлеу әрекетінің ішкі құрылымдары сөйлеу актілеріне тоқталады. Әсіресе иллокутивті акті түрлері ерекше сипатталады. Сөйлеу әрекеті ретінде дискурс пен мәтін қарастырылды. Әр тілдік өріс түрлерін сипаттағанда көркем мәтіннен үзінді алынып, мысалдармен бекітіледі.

Функционалды прагматика эмперикалық зерттеу әдістеріне ие. Ол HIAT бағдарламасы арқылы жүзеге асады. Болашақта осындай тілдің корпусы негізінде жасалған бағдарламалар арқылы жасанды интеллект жасауда немесе тілдерді тереңірек зерттеуге таптырмас теориялар мен әдістері бар жаңашыл бағыт деуге негіз бар.

Түйін сөздер: прагматика, функция, сөйлеу әрекеті, коммуникация, тілдік тұлға, функционалды прагматика, тілдік өріс.

D.A. Alkebaeva¹, L.Zh. Zaurbekova², Abdurishid Yakup³,

^{1,2}Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty,

³Minzu University, China, Beijing,

e-mail: alkebaeva@mail.ru, liza91_1604@mail.ru, yakup@bbaw.de

Theories of Functional Pragmatics

The article considers a new direction in linguistics functional pragmatics. Functional pragmatics is an integrated theory of language that considers the language of a person in society.

In the theory of functional pragmatics its speech fields and categories are being pooled. This article discusses their types and describes the characteristics of them. Functional pragmatics as a new direction in linguistics analyzes discourses and texts. Today, the analysis of texts and discourse on this theory makes it possible to explore any language. Empirical methods and theoretical materials of functional pragmatics are very relevant.

The basic category of functional pragmatics are speech actions. The article discusses the term procedure, which is the minimum unit of speech action. Until now, this term has been used frequently in medical science. Despite this procedure, how the term has its own characteristic in linguistics. The rest of the article describes the internal structures of speech action as a speech act, illocutionary act and etc. The illocutionary act and its types are especially described. Since discourses and texts are speech acts, examples from literary texts are given during the analysis of speech fields. That will allow us to understand the types of speech fields of functional pragmatics.

Functional pragmatics has imperial research methods that are conducted through the HIAT program. Such future research will help develop artificial intelligence and deeply understand, explore any languages.

Key words: pragmatics, function, speech behavior, communication, language personality, functional pragmatics, speech field.

Д.А. Алкебаева¹, Л.Ж. Заурбекова², Абдуришид Якуп³

^{1,2} Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы,

³ Университет Минзу, Китай, г. Пекин,

e-mail: alkebaeva@mail.ru, liza91_1604@mail.ru, yakup@bbaw.de

Теории функциональной прагматики

В статье рассматривается новое направление в языкознании – функциональная прагматика. Функциональная прагматика является интегральной теорией языка, которая рассматривает языковые поступки человека в обществе. В теории функциональной прагматики встраиваются свои речевые поля и категории. В данной статье рассматриваются их виды и описываются характеристики к ним. Функциональная прагматика как новое направление в языкознании анализирует дискурсы и тексты. На сегодняшний день анализ текстов и дискурса по данной теории дает возможность исследовать любые языки. Эмпирические методы и теоретические материалы функциональной прагматики очень актуальны.

Базовой категорией функциональной прагматики являются речевые действия. В статье рассматривается термин «процедура», который является минимальной единицей речевых действий. До настоящего дня этот термин часто использовался в медицинской науке. Несмотря на это, процедура как термин имеет свою характеристику и в языкознании. Далее в статье описывается внутренняя структура речевых действий как речевой акт, иллокутивный акт и т.д. Особенно описывается иллокутивный акт и его виды. Так как дискурсы и тексты являются речевыми действиями, во время разбора речевых полей приводятся примеры из художественных текстов, что позволит понять виды речевых полей функциональной прагматики.

Функциональная прагматика имеет имперические методы исследования, которые проводятся через программу НИАТ. Такие исследования в будущем помогут разработать искусственный интеллект и глубоко понять, исследовать любые языки.

Ключевые слова: прагматика, функция, речевое поведение, коммуникация, языковая личность, функциональная прагматика, речевое поле.

Кіріспе

Тіл – таңбалардан тұратын тұтас бір жүйе. Ол жүйе мағыналардың таңбасынан құралады. Сонымен қатар тіл тек мағыналық таңбалар жүйесі ғана емес, адам тіршілігінің маңызды құралы. Тілдің бізге белгілі негізгі мынадай қызметтері бар: коммуникативтік, когнитивтік (танымдық), номинативтік және аккумулятивтік. Осы аталғандардан басқа тілдің өзге 25 қызметі анықталған. Ең негізгілерінің бірі саналатын коммуникативтік қызметі арқылы адам қоршаған ортасының сыртқы тұстарын бейнелеп қана қоймай, әлеуметтік шындықтың негізін қалыптастырады. Және де сөйлеуші мен тыңдаушы арасында өзара ақпарат алмасуына жауап береді.

Тіл – тыңдаушы мен сөйлеушінің арасында ақыл-ой процестерін жүзеге асыратын қарым-қатынас құралы. Коммуникация барысында сөйлеуші мен тыңдаушының ойы, мақсаты және ары қарай жасалатын іс-әрекеттері де өзгеріп отырады. Тілдің ең негізгі коммуникативтік қызметі барысында туындаған тыңдаушы мен сөйлеуші арасындағы мәселелер әр кез өзекті. Қазіргі тіл білімінде сол мәселерді зерттейін жаңа бағыттардың бірі – функционалды прагматика (ары қарай ФП).

ФП – соңғы 35 жыл ішінде пайда болған тіл білімінің теориясы. 1970 жылдары бұл теория Еуропада кеңінен тарайды. Осы орайда Джон Л.Аустин және Карл Бюлер, Конрад Элих пен Йохан Ребайн лингвистикалық іс-қимыл теориясын қалыптастырды. Лингвистикалық іс-қимыл шындық категориясының 3 өлшемін қамтиды: экстралингвистикалық шындық, менталды шындық, тілдік шындық. Бұл теория әлеумет тәжірибесінің көрінісі ретінде тілді форма – функция – байланыс құралы етіп кешенді қарастырды.

ФП тілді адам тіршілігінің айнымас бөлшегі деп танып, оның пайда болуын адам қоғамындағы коммуникацияның дамуымен ұштастырады. Яғни, ФП тілдің даму формаларына (эволюциясына) бағытталмаған, тілдің қоғамдағы тарихи-әлеуметтік әрекетін айқындауда пайдаланған. ФП теориясы дискурс анализіне ұқсас болғанмен, тілді қоғамның айнымас бөлшегі етіп зерттейді және тіл формалары мен идеологиялық функцияларын бірге қамтуға тырысады. Функционалды прагматика өзінің аты айтып тұрғандай автордың мақсатқа жету жолында қолданылған амал-әрекеттері мен тілдік бірліктерінің жиынтығын зерттейтін прагматиканың функциясын қарастырады деген сөз. Әр ұғымды жеке қарастыратын болсақ,

төменде келтірілетін теориялар функционалды прагматиканы жете түсінуге ықпал етеді.

Прагматика автор мен оқырманның арасындағы байланысты қарастырады, сөйлеу актісі кезінде жүзеге асады. Прагматика – коммуникаттардың бір-біріне және мәтіннің мазмұнына (ауызша және жазбаша түрде) олардың коммуникативтік пиғылымен және сұхбаттасу мәнжайымен санасқан жеке қарым-қатынасы (Alkebaeva, 2014: 24).

Ал «функция» терминінің тіл білімінде үш түрлі мағыналық топтары кездеседі:

1. «Референциалды» функция – сөйлем айналасындағы абстрактілі дистрибуция.

2. «Прагматикалық функция-1» – әлеуметтік нәтижеге жету барсында сигналдарды мақсатты түрде қолдану.

3. «Прагматикалық функция-2» – дискурсты байланыстыру мақсатында формаларды пайдалану (Qaliev, 2005: 61-63). Демек, функционалды прагматика осы аталған үш түрлі мағыналық топтарды қамтиды.

ФП тіл білімінің бір бағыты ретінде психолог әрі тілші К.Бюлердің идеяларының негізінде туындаған деп те саналады. Әсіресе дейксис, референция және сөйлеу жағдаятының анализі туралы көзқарастары соған дәлел. Және де Д.Л. Остиннің сөйлеу әрекетінің маңызды категория екендігі жайлы пікірлерінің де маңызы зор. Осындай пікірлер арқылы функционалды прагматиканы дискурс анализіне ұқсастырып жатады. Оның себебі екеуі де сөйлеу әрекетінің мотивін, мақсаты мен ниетін секілді ортақ мәселелерді қарастырады.

Эксперимент

Функционалды прагматиканың базалық категориясы ретінде сөйлеу әрекеті алынып отыр. Яғни, тіл формасы ретінде қарастырылады. Коммуникация ол әрекет етудің спецификалық формаларын, сайып келгенде сөйлеу жағдаяты (речевая ситуация), тілдік белгілерден (языковые знаки), бір немесе бірнеше сөйлеуші мен жазушы, бір немесе бірнеше тыңдаушы я оқырман секілді бір-біріне әсер ететін төрт компоненттен құралады. Тілші, ғалым Д. Алкебаеваның еңбегінде коммуникация вербалды және вербалды емес тәсілдер қолдану арқылы екі немесе одан да көп тұлғалардың ақпарат алмасуы немесе баяндау түріндегі байланысы прагматиканың тікелей қатысы арқылы өтетіндігін алға тартады (Alkebaeva, 2008: 30).

Коммуникацияға түсушілер бірнеше процедурадан тұратын тілдік әрекеттерді қолданады. Процедура – сөйлеу әрекетінің ең кіші бірлігі, ол эллипсте, дейксис пен экспедицияларда қалыптасады. Ауызекі коммуникация барысында дискурстуындайды да, ал мәтін өткен жағдаяттың әрекетінен пайда болады. Мәтін де, дискурс та сөйлеу әрекеттері (Protasova, 2015:62). Сонымен қатар коммуникацияның негізгі формасы – дискурс пен мәтін. Дискурс – көп мағыналы термин. Ол қарым-қатынас құралы ретіндегі сөздің тіл әлеміндегі жаңаша мағыналық-ақпараттық туындысы. Дискурста пресуппозиция, интенция, коммуниканттардың стратегиясы мен тактикасы, т.б. айтылым ерекшеліктері прагматикалық мақсатқа сай құрыла отырып, стилистикалық амал-тәсілдерді таңдайды. Ал мәтін-когнитивті-функционалды сөз әрекетінің жазбаша түрдегі көрінісі. Мұнда хабардың орны ғана көрсетіледі, бірақ дискурстағыдай хабар алмасу жүрмейді. Сонымен дискурс коммуникацияның толық көлемін, адамдық интерактта ой бөлісуді, сол мезгілінде мәтінді және біржақты дискурсты (монологтық сөз) ұзартылған сөйлеу әрекеті ретінде қарастыруға болады.

Сөйлеу әрекетінің ішкі құрылымы 3 актіден тұрады: сөйлеу акті, иллокутивті, пропозициялық акт. Ал, А.Линке төртке жіктейді: сөйлеу акті, иллокутивті, перлокутивті, пропозициялық акт (Bratshikova, 2008: 14).

Сөйлеу актілері – тілдің әдеттегі философиялық түсінігі. Коммуникативтік акт терминімен сөз тіркесі, сөйлеу актілері мәні жағынан бір-біріне сәйкес келеді. Бірақ қазіргі зерттеулерде сөйлеу актісі терминдік атаумен жиі қолданылады.

Сөйлеу акті дегеніміз – белгілі бір қоғамда қалыптасқан сөйлеу әрекеттерінің негізгі қағидаттары мен ережелеріне сәйкес пайда болатын мақсатты сөйлеу. Сөйлеу актілерінің негізгі белгілері ретінде зерттеушілер ниет (интенционалдылық), мақсаттылық және конвенционалдылықты атайды (Rapisheva, 2013: 19)

Иллокутивті акт дегеніміз – сөйлеу актісінің мақсаты мен оны жүзеге асыру жағдайларына қатысы, перлокутивті акт – сол сөйлеу актісінің нәтижеге қатысы. (Rapisheva, 2013: 20)

Пропозициялық акт дегеніміз – жалған я ақиқаттан құралған әлем туралы көзқарастар мен ойлар.

Д. Сэрла иллокутивті актіні 5 класқа жіктейді: репрезентивтер, директивтер, коммисивтер, экспрессивтер, декларативтер (Serl, 1999: 132).

1. Репрезентативтер дүниежүзінде болып жатқан жағдайлардан хабар береді. Оған *жаңалықтар, болжамдар, сипаттамалар* жатады.

2. Директивтер адресатты іс-әрекетке жұмылдырады. Оларға *өтініш, тілек, тыйым, бұйрық, шақыртулар* жатады.

3. Комиссивтер сөйлеуші өзін міндеттемелермен байлағанда көрінеді. Мәселен, *ант, сөз беру, кепіл ету комиссивтер* болады.

4. Экспрессивтер белгілі бір жағдайларға жауап ретінде байқалады. Мысалы, *рахмет айту, өкіну, қуану* тағысын тағы.

5. Декларативтер жоғардағы төрт кластан ерекшеленеді. Мысал ретінде адамды *белгілі бір қызметке тағайындау, партияға қабылдау, белгілі бір атақ беру* сияқты жағдайларда айтылатын сөздер алынады.

ФП – тіл жүйесінің барлық өлшемдерін айқындайтын интегралды тіл теориясы. ФП теориясы концептісінің негізін амал, әрекет (action) құрап отыр. ФП экстралингвистикалық және лингвистикалық амалдарды да қамтиды. ФП тек мәтін, дискурс анализін ғана қамтымай, сонымен бірге функционалды прагматикалық грамматика (Реддер және Ребейн, 1999) синтаксисті (Матрас, 1994, Хоффман, 2003), семантика (Элих және Ребейн, 1972, Тильман, 1999; Элих, 2001; Игз 2006; Форшэр, 2006), фонология (Элих, 1986) және жазуды (Элих, 1983) да зерделейді. ФП үшін қоғам тәжірибесіндегі тіл негіз болса да, тіл тарихы, мәтін формаларының шығу тарихы сынды мәселелері де маңызға ие. Функционалды прагматикалық теориялары әлеуметтану мен тіл психологиясы салаларында үлесі зор.

Функционалды прагматиканың өзіне тән категориялары мен тілдік өрістері, зерттеу әдістері бар. ФП категорияларына қоғам мен тілдік тұлға жатады. Бұл теория ең алғашымен қоғам – тарихи-әлеуметтік категориясы, ал одан тұлға категориясы туындайды деп түсіндіреді. Сонымен қатар тыңдаушы мен сөйлеуші арасында туындаған жүйелілік категориясы туралы да сипатталады (Redder, 2008: 135).

ФП-ның 5 түрлі өрісі бар:

Қозғаушы өріс (Лидке 1990, Раселоссон 1994) – сөйлеуші тыңдаушыны іс-әрекетке бірден жұмылдырады. Ол одағай сөздер, тон, егістіктерге түскен интонация арқылы жүзеге асады. Мысалы, «– *Әжеңе бар, әнеки!*» – деп, *үлкен үйдің алдына қарай бұрып жіберді. Кәрі әжесі Зере бәйбішеге таяғына сүйеніп, ұрсып тұр екен*» (Auezov, 2007:11).

Дейктикалық өріс (Элих, 1979, 1982) – дейктикалық сөздерді қолдану арқылы сөйлеуші

тыңдаушы ойының өзгеруіне ықпал етеді. Дейктикалық сөздерге есімдіктер, үстеу, егіс, шылаулар жатады. Олар сілтеу я байланыстырушы қызметте жұмсалады. Және де нақты референтке (сөз болып тұрған затқа) қайта бағыттап айтады. Мысалы, «*Жиренше таңертеңгі қоян қуғаннан бастап Жексен аулында көргенін де, жолшыбай не болғанын да тегіс айтып болып:*

– Абай қайда өзі? – деп еді, Ұлжан Абайдың жатып қалғанын айтып Жиреншеге біраз наразы салқын жүзбен қарады.

– Шырағым, сен бала емессің, естиярсың. Өзің барсаң бір сәрі. Ондай жаман, сұмдық жерге Абайды несіне апардың? – деп, «жаман», «сұмдық» дегенді шынымен баса айтып. – Бала емес пе? Шошынар деп ойласаң нетті? – деді.

Жиренше сөз таба алмай ұялып, қысылып қалды:

– *Ұят болды. Өзім де өкіндім. Бірақ құдай ақына, өлігін көреміз деп ойлаған жоқ ем!*» (Auezov, 2007: 44-45)

Сонымен қатар *дейктикалық өріс* уақыт, адам, кеңістікте қалыптасады. Яғни, уақыт дейксисі, адам, тұлға дейксистері деп ажыратылады. Ағылшын тіліндегі дейктикалық өрісті *here, now, then* сөздері айналасында қалыптасады. Олар кез келген сөйлеушінің сөзінде қолданылады екен. Қазақ тілінде *кейін, қазір, осында, мұнда, анда, ана жақта, мына жерде* тағы басқа да уақыт пен кеңістіктік категорияларды көрсететін сөздер бар. Мәселен,

«– *Жөніңді айтшы, қарағым, не болды? Әкең ұрды ма?*

– *Жоқ, ешкім ұрған жоқ, кейін айтам... Ана, төсек сап берші, жатқызышы!* – деп, *Абай шешесін құшақтап қысқан бойда, үйге қарай аяндады*» (Auezov, 2007: 44).

Таңбалар өрісі белгілі бір сөз таптары арқылы туындайды. Заттарды, іс-әрекет пен сипаттамаларды атап көрсетеді. Бұл өрісте сөйлеуші тыңдаушыны сөзге шақырып, білімін айқындайды. Мысал, «*Осыдан осылай толып жатқан күйеу дәстүрі басталатынын мойынға алып Абай Ерболға:*

– *Осы үйлену деген ата-анаға да, жастардың өзіне де қуаныш қой. Солай емес пе? Ал ендеше, сол қызығына жеткенше күйеу мен қалыңдықтың жолына ырым-жырым, әдет-дәстүр деп неше алуан құбыжықтар қоятыны несі?* – деді. Ербол бұған күлді.

– *Рас, айтасың, құбыжық екені рас. Дәл осы қазір кім келеді? Қандай асау жеңгелер екен, не бұйырар екен деп, мен де үркектем тұрмын!*» (М. Әуезов «Абай жолы», 232 бет).

Оперативті өріс (Элих, 2000, Реддер, 1990) коммуникация барысында қызметіне қарай есімдіктер, үстеу, шылаулар сұрыпталып алынады. Және де соған қарай интонация, сөздің орын тәртібі қалыптасады.

Экспрессивті өріс – тыңдаушы мен сөйлеуші арасындағы эмоционалды байланысты реттейді. Бұл өрісте коммуниканттар арасында эмоция, көңіл-күй аңғарылады. Мысалы, «– *Ендеше, өлімнен ұят күшті. Ел көрмеген сұмдыққа, ел көрмеген жаза керек! – деп Құнанбай байлауын айтты. Қайта босар түрі жоқ. Тас түйін боп бекініп, түйіліп алған көрінді.*

Бірақ Құнанбайдың мына сөзі үндемеске де қоймайды, үндеуге де жібермейді. Дел-сал етті. Үй іші бірталай уақыт жым-жырт отырды» (Auezov, 2007: 19).

Педагогика ғылымдарының докторы Е.Ю. Протасованың еңбегінде функционалды прагматиканың өрістері төмендегідей сипатталады: «Бастапқыда жағдаят (дейкис) анықталып, кейіннен таңбалық өрісте белгілі бір сөз таптары арқылы заттың, істің атауы пайда болады. Бұл процесс менталдылықтың жемісі. Яғни сөйлеуші тыңдаушыға өзінің бар білімін көрсетуші таңбаларды (сөз, қимылы мен қызметтік жағынан дұрыс топтасқан етістіктерді) қолдана отырып әсер ете алады. Осы тұста бірнеше өрістер пайда болады. Оперативті өрісте адамның өне бойына жиылған білімінің сұрыпталуы жүреді, сөйлеуге қажетті есімдіктер, үстеулер, интонация, сөздердің орналасу тәртібі секілді біршама дүниелер сараланып, коммуникативтік қызметке жарамдылары таңдалады» (Protasova, 2015: 62-63).

Функционалды прагматиканың теориялық базасымен қатар практикалық базасы қалыптасқан. Функционалды прагматиканың эмпирикалық зерттеу әдістері корпус негізінде жасалған. Мақсаты сөйлеу тілінің аутентикалық күйін жазып алу. ФП-да НИАТ бағдарламасы қолданылады. Бұл бағдарлама жазылған тілді анализдеуге лайықтап дайындап береді. ФП-ның эмпирикалық әдісі бірнеше кезеңнен тұрады. Біріншіден, ауызекі тіл дыбыстық я бейне жазбаға жазылады содан кейін транскрипцияланады. НИАТ бағдарламасы арқылы бірнеше сөйлеу формалары, интонацияны белгілейді және екпін мен бейвербалды амалдарды да айқындайды. Ал транскрипция бағдарламасы EXMARALDA6 белгілі бір параметрлерді іздеуге арналған мәліметтер базасымен байланысқан (Redder, 2008: 142-143).

Функционалды прагматиканың эмпирикалық мәліметтерді талдаудың негізгі кезеңдері мыналар болып табылады:

1. ауызша немесе дыбыстық жазбаны жазу немесе жазбаша мәліметтерді таңдау;
2. жазбаша мәліметтерді НИАТ бойынша компьютерлік транскрипциялау;
3. транскрипцияның мұқабалық парағын толтыру (актанттар туралы ақпарат);
4. дискурс немесе мәтін түріне сәйкес дискурстың немесе мәтіннің «фазасы», яғни макроқұрылымдық бірліктерді анықтайды;
5. процедуралық бағалауға сәйкес айтылған ойларды «бөлу»
6. дискурстың парафразы
7. бөлшектердің интерпретациялық талдауы, мысалы:

- лингвистикалық іс-әрекет үлгілерін қайта құру; бастапқы мәтін мен дискурс формалары
- сөйлеу әрекеттерінің тарихқа дейінгі және кейінгі тарихын қайта құру және олардың дискурсивті немесе мәтіндік функционалдығы
- негізгі, туынды, тірек және екінші реттік сөйлемдерді саралау
- әрекеттер (яғни сөйлеу әрекеттері, мысалы, дәлелдеу сияқты)
- белгілі бір сөйлеу әрекеттерін олардың үш өлшемі бойынша талдау
- іс-қимыл үлгілерін қайта құру (мысалы, себебі, институционалдық іс-қимыл шарттары туралы); тактиканы анықтау;
- білім түрлерін саралау (кәсіптік және жартылай кәсіби немесе жалпы білім) және білімді сәйкестендіру
- вербальды, пара-вербальды және вербалды емес қарым-қатынастың байланысын зерттеу
- байланыс құралдарын зерттеу (танымы, стилі)

Нәтиже мен талқы

Эксперимент нәтижесінде функционалды прагматика теориясының категориялары, тілдік өрістері мен зерттеу әдістері анықталды. Аталған теорияның базалық (негізгі) категориясы болып сөйлеу әрекеті табылады. Бұл, яғни, тіл – іс-әрекет формасы, ол белгілі бір топ я ортада жеке мақсатқа жету барысындағы негізгі құрал болып қарастырылады. Коммуникация – қарым-қатынас жасаудың айрықша формасы. Оған төрт компонент бір-біріне әсер етеді. Олар: сөйлеу ситуациясы, тілдік таңбалар, бір немесе бірнеше сөйлеуші мен жазып алушы, бір немесе бірнеше тыңдаушы мен оқырман.

Функционалды прагматиканың дискурстің анализіне ұқсас белгілері айқындалды. Оның себебі екеуі де сөйлеу әрекетінің мотиві мен ниетін анықтауға бағытталады. Функционалды прагматика лингвистиканың ішкі я сыртқы салаларын қатар қамтиды. Оларды бірбүтін санайды. Сонымен қатар функционалды прагматика категориялары қоғам мен тұлға және сөйлеу әрекеті деп таниды. Яғни, тұлға қоғам ішінен қалыптасып, тіршілікке бейімделу мақсатында тілді пайдаланады, амал-әрекет жасайды деп есептейді. Және де кез келген тұлғаның қоршаған ортаны тануда өзіне тән шындық өлшемдері бар делінеді. Ол философиядағы шындық категорияларынан бастау алғанмен, функционалды прагматикада экстралингвистикалық, менталды, тілдік шындық деп айтылады. Демек, функционалды прагматикада сөйлеуші мен тыңдаушының сөйлеу әрекеті барысындағы тілдік формаларды дұрыс пайдалануымен қатар ниеті, пиғылы, ойы, стилі, тактикасы да маңызды. Бұл жаңа бағыт тілді зерттеудің аясын кеңейтеді деген сөз.

Функционалды прагматиканың бес тілдік өрісін герман ғалымдары анықтаған. Олар: қозғаушы өрісі, дейктикалық өріс таңбалар өрісі, оперативті өріс, экспрессивті өріс. Аталған өрістер негізінде коммуникацияда қолданылып жүрген тілдік формалар мен амалдардың қызметі мен мағынасы ашылады. Ол адресат пен адресанттың ой-пікір алмасуына қаншалықты маңызды әрі қайталамалы екендігін анықтайды. Уақыт, адам, кеңістік категориялары дейктикалық өрісте аңғарылады. Дискурсты талдау теорияларында да уақыт категориялары бар екені белгілі (Sadirova, 2012: 53). Яғни екі теорияға ортақ екені байқалды. Және де әр тілдік өріске келтірілген мысалдар арқылы қазақ тілінде жазылған көркем мәтінде де осы аталған бес өрістің барлығы дерлік кездеседі. Сонымен қатар жазушы мен оқырман арасындағы байланыс, мәтін ішіндегі кейіпкерлердің бір-біріне әсер етуі тілдік формалар мен стилистикалық амалдар арқылы жақсы берілген. «Абай жолындағы» Қамқа мен Қодар оқиғасы айналасында болған эллипстер, сөйлемдер мысалға алынды. Сөйлем мен үзінділерді шартты түрде бес өріске бөліп көрсеттік. Негізінде «Қамқа мен Қодар» дейкисі аясында бес өріс жүйелі түрде бірінен соң бірі туындап отыратындығын аңғаруға болады.

Келешекте жасанды интеллект қалыптастыру жолындағы зерттеу жұмыстарына функционалды прагматикадағы эмперикалық зерттеу әдісі таптырмас өнім. Оның себебі функционал-

ды прагматиканың мақсаты аутентикалық тілді транскрипциялау болып отыр. Қазіргі таңда хабарлама, қоңырауға жауап беруші боттардың (робот) көбеюі осындай әдістердің жемісі. Компьютерлік бағдарлама негізінде дискурс пен мәтін талданып, ішінен дайын клишелер сұрыптанып алынады. Қандай дейкисисте қандай интонация, сөз я сөйлемдер қолданылатындығын дәл осы эмперикалық зерттеу әдісі талдап беруге қарқынды болып отыр.

Қорытынды

Прагматика адамды қоршаған орта тілдік құбылыстар мен сөйлеудің жаңа мүмкіндіктерін танытуға қабілетті екенін дәлелдеп отыр. Сөз тек қана мағыналық формалар жиынтығы болып қана қоймай, адамдардың түрлі ақпараттар мен хабарларға көзқарасын танытатын құрал ретінде екенін, мақсатына жетуде қолданылатын бірден – бір тәсіл.

Прагматикалық зерттеулер ХХ ғасырдың екінші жартысынан бастап қарқынды жүргізіліп, күні бүгінге дейін жалғасып келе жатыр. Ал прагматиканың ерекше дамуы, түрлі көзқарастар мен тілдік бағыттардың қалыптасуына ықпал етті. Сол бағыттың бірі – функционалды прагматика.

Функционалды прагматика герман тіл біліміндегі ерекше орны бар бағыт. Жаңашыл бағыттың герман тіл білімінде дамуына Еуропа тіл білімінде прагматиканың дамуы мен зерттеушілердің етене назарға ілігуінен деп қорытады. Оның пайда болуын К.Элих пен Й.Ребайн есімдерімен байланыстыратынын жоғарыда айттық. Осы бағыт бойынша А.Реддер, Л.Грисхабер және К.Бюриг т.с.с. шәкірттерінің де орны зор болды. Сонымен қатар функционалды прагматика тек теориялық жағымен емес, эмперикалық зерттеу әдістерімен де ерекшеленіп отыр.

Қоғам әр кез шынайы сөзді, нақты іске жұмылған ортаны қалыптастыратын тұлғаны қажет етеді. Ал тілдік тұлғаның мақсаты, ниеті, пиғылы ісіменен сөзінен (ауызша я жазбаша формада) аңғарылып отырады. Оларды ұғынып, түсіну прагматикалық талдауларға алып келеді. Прагматикалық, соның ішінде функционалды прагматикалық (амал-әрекеттерге баса назар аударады) талдаулар кез келген тілді кеңінен зерттеуге, сөздің аутентикалық күйіне анализ жасау арқылы әр тілге тән прагматикалық клишелер, стереотип сөздерді анықтауда, келешекте жасанды интеллект құрастыруда да маңызы зор болмақ.

Әдебиеттер

- Әлкебаева Д. Қазақ тілінің прагмастилистикасы: оқулық. – Қазақстан: Алматы, 2014. – 245 б.
- Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі / Құраст.: Ф.Қалиев. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2005. – 358 б.
- Әлкебаева Д. Қазақ тілінің прагмастилистикасы: Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2008. – 258 б.
- Протасова Е. Функциональная прагматика в XXI веке: статья // Вестн. Волгогр. гос. ун-та. – Сер. 2, Языкозн. – 2015. – № 1 (25). – С. 61-71.
- Братчикова Е. А. Основные аспекты прагматической лингвистики при переводе рекламных текстов: статья // Альманах современной науки и образования. – Тамбов: Грамота. – 2008. – № 8 (15). – С. 14-16.
- Рапишева Ж.Д., Тұрлыбекова Ж.А. Сөйлемнің коммуникативтік типтері жөнінде // Вестн. Караганд. ун-та. Серия «Филология». – 2013. – № 1(69). – 18-22 б.
- Сёрль Дж. Р. Классификация иллокутивных актов // Новое в зарубежной лингвистике 2. – М.: Прогресс, 1999. – С. 229-254.
- Реддер А. Функционалды прагматика: Справочник. – Берлин: Мутон де Грюйтер, 2008. – 133-178 б.
- Әуезов М. Абай жолы: РОман-эпопея. Бірінші кітап. – Алматы: Жазушы, 2007. – 368 б.
- Садирова К.Қ. Дискурс талдау теориясы: Оқу құралы. – Ақтөбе: Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университеті, 2012. – 90 б.
- Әлкебаева Д. Сөз мәдениеті: Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2014. – 214 б.
- Тұңғышбаева Г.Ж. Прагматика ұғымының мағынасы мен қолдану аясы: мақала. – ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы. – 2013. – №6 (130).
- Тарасова Е. Б. Функциональная прагматика воспроизведения совета от первого лица в немецких художественных текстах: статья // Филологические науки. Вопросы теории и практики. – Тамбов: Грамота, 2015. – № 11(53). – С. 182-184.
- Тахтарова С.С. Функциональная прагматика средств выражения «смягчения»: статья // Известия Самарского научного центра Российской академии наук. – 2008. – С. 284-289.
- Кант И. Антропология с прагматической точки зрения. – СПб.: Наука, 1999. – 471 с.

References

- Alkebaeva D. (2014) Qazaq tilinin pragmastilistikasi: oqylyq [Pragmastilistic of the Kazakh language]. Qazaqstan: Almaty, 245 p. (in Kazakh)
- Alkebaeva D. (2014) Soz madeniety: oku kyraly [Culture of speech]. Almaty: Kazakh Universiteti, 214 p. (In Kazakh)
- Alkebaeva D. (2008) Qazaq tilinin pragmastilistikasi: oqylyq [Pragmastilistic of the Kazakh language]. Qazaqstan: Almaty, 258 p. (in Kazakh)
- Auezov M. (2007) Abay joli: roman-epopeya [Abay way]. Birinshi kitap. Almaty, 368 p. (in Kazakh)
- Bratchikova E. A. (2008) Osnovnyye aspekty pragmaticheskoy lingvistiki pri perevode reklamnykh tekstov: stat'ya [The main aspects of pragmatic linguistics in the translation of advertising texts]. Almanakh sovremennoy nauki i obrazovaniya Tambov: Gramota, № 8 (15). 14-16 p. (in Russia)
- Kant I. (1999) Antropologiya s pragmaticheskoy tochki zreniya [Anthropology from a pragmatic point of view]. SPb.: Nauka, 471 p. (in Russia)
- Qaliev G. (2005) Til bilimi terminderinin tusindirme sozdigi [Explanatory dictionary of terms of linguistics]. Almaty: Sozdik-Slovar. 358 p. (in Kazakh)
- Protasova E. (2015) Funktsionalnaya pragmatika v XXI veke: statya [Functional Pragmatics in the 21st Century]. Vestn. Volgogr. gos. Un-ta. Ser. 2, YAzykoz. № 1 (25). 61-71 p. (in Russia)
- Redder A. (2008) Funkcionalnaya pragmatika: Spravoshnik [Functional pragmatics]. Berlin: Mwton de Gryuyter, 133-178 p. (in English)
- Rapisheva J.D., Turlybekova J.A. (2013) Soilemnin kommunikativtik tipteri joninde: maqala [On the communicative types of the phrase]. Vestn. Karagand. Un-ta. Seriya «Filologiya». № 1(69) (in Kazakh)
- Sadirova K.Q. (2012) Diskurs tal daw teoriyasy: Oqu quraly [Discourse analysis theory]. Aqtobe: Q.Jubanov atındagy Aqtobe memlekettik universiteti, 90 p.(in Kazakh)
- Serl Dzh. R. (1999) Klassifikatsiya illokutivnykh aktov. Novoye v zarubezhnoy lingvistike [classification of illocutionary acts]. M.: Progress, 1999. 229-254 p.(inRussia)
- Tarasova E. B. (2015) Funktsionalnaya pragmatika vosproizvedeniya soveta ot pervogo litsa v nemetski khudozhestvennykh tekstakh: statya [Functional pragmatics of reproduction of the first-person advice in German literary texts]. Filologicheskiye nauki. Voprosy teorii i praktiki. Tambov: Gramota, № 11 (53). 182-184 p.(inRussia)
- Takhtarova S.S. (2008) Funktsionalnaya pragmatika sredstv vyrazheniya «smyagcheniya»: statya [Functional pragmatics of the means of expression mitigation]. Izvestiya Samarskogo nauchnogo tsentra Rossiyskoy akademii nauk. 284-289 p. (inRussia)
- Tungyshbaeva G.J.(2010) Pragmatika ugymynyn magynasy men qoldanu ayasy: maqala [The meaning and scope of the concept of pragmatism]. QazUU qabarshysy. Filologiya seriyasy, №6(130). (in Kazakh)